



Мұр. Нұржанбай



1934 жылғы  
10 қаңтардан  
шыға бастады

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

№ 48  
(2886)

26 қараша —  
2 желтоқсан  
жұма, 2004 жыл

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті

# УАҚЫТ - СЫНАП

## Өлең іздеу

Ақын-жазушылар Мархабат Байғұт, Темірхан Медетбек, Көпен Әмірбек, Құлбек Ергөбек Шымкент өнірінде болып, оқырмандармен әдеби кештер үйимдастырады. Жазушылар одағының облыстағы бөлімшесінің жетекшісі ретінде алқалы басқосуларды жергілікті жазушы, осы аймақтың талантты қаламгері Мархабат Алматыдан келген ақындарға алғашқы кезекте сөз береді. Оқырмандар алдында өткір сықтастары мен өзіл-оспақтарын оқыған Көпен жүрттың езуін жиғызбай құлқіге кенелтсе, Темірхан “Манғыстау монологтары”, “Геологтар”, “Үстірт үстінде” секілді өлендерін дүрледіп бірінен сон бірін оқып, жиналғандарды ойға шомдырады.

Осындай ой құшағында отырған оқырманның бірі Темірханға сұрап қояды:

— Білетіндердің айтуынша, сіз біздін Түркістанда туыпсыз. Со-нау-киянда, жер түбінде геологтармен бірге біраз жыл жүріпсіз. Сонда не ізденіз о жақтан?

— Иә, бірнеше жыл геологтар сапында Манғыстау үстін ерсілі-карылы шарладық. Геологтар кен іздесе, мен өлең ізденім, — деген екен Темірхан риясыз күліп.

Рас. Тың тақырып... Тосын идея... Жаксы өлең... Онай тумайды. Алтын ізdegенмен бірдей-ау!

## Орындалмаган “аманат”

Белгілі журналист, публицист Ұзак Бағаев “Социалистік Қазақстан” газетінде редактор болып қызмет істеп жүрген кезінде: “Журналист болма деп баламның баласының баласына айтып кетем” — деген сөзді жи айтатын көрінеді.

Көзін журналистикамен ашкан, саналы ғұмырын газеттің ыстық-сұзығына арнаған Ұзекеннің бұл сөзі журналист кәсібін кемсітуі емес, керінше, оның азабы мен қынышылығы мол мамандық екендігін мегзесе керек. Бірақ Ұзекеннің ұлы, ақын Ерұлан Бағаев та журналистика факультетін бітіріп, “Жазушы”, “Қазақстан”, “Ғылым” баспаларында қызмет істейді. Баспасөз саласында да өзіндік көлтәнбасымен танылған қаламгер еді.

## Тәнкі женеше

Үнемі күліп, үнемі күлдіріп жүретін, сөйтіп манаійна шуак үйіріп жүретін танымал сықақшы-жазушы Есенжол Домбаев аз уақыт “Қазақстан әйелдері” журналында қызмет атқарған кезінде “Егементе” жи бас сұғаттын. Қебіне қысыр әңгіме іздел емес, жігіттермен бірер партия шахмат ойнауға келетін тәрізді. Шаршы тақтада шайқасып отырып інілерінің екі езуін жиғызбайтыны және бар.

— Тәнкі женешем журналға жұмыска уақытша алдығой. Боссын деген күні кете беремін, — деді Есаған кезекті жүрісін жасап.

— Кімді айтып отырсыз. Түсінбедік кой.

— Алтыншаш апаларынды айтамын да. Жағанованы белетін шығарсындар, айналайындар. Әнес Сараев ағаларыңың жолы үлкен. Сондықтан мен апаларынды женеше деймін. Теледидардан өздерін көрдіндер. Жоғарғы Кенестін сессиясында калай сөйледі менін депутат женешем. Тура тәнкідей жапырды емес пе.

— Иә, көрдік...

— Өзгелердің пікірін мұлдем өзгертіп жібердіғой.

— Эй, Есаға-ай, сіздін ойлап таппайтыныңыз жок. “Тәнкі женеше...”. Өте дұрыс айтасыз.

Шахмат сайсын тамашалап тұрған журналистер бірін-бірі кеү-кеуlep кетті.

## Мырқым бір төбе...

Газетте істейтін журналистер негізінен үш топқа бөлінеді. Алғашқысына құні-тұні тынбай қалам сілтейтін “ак мылтық” жазғыштарды жатқызсақ, екінші топты канша жаса да есімін көп жұрт біле бермейтін салбексе журналистер құраса керек. Ал, соңғылар санатына жазбайтын журналистер кіреді. Басылым бастыктасты мен бағасын да түрліше сипаттаған. Мәселен, Қызылорда облыстық “Сыр өнірі” газетінің редакторы болып отырғанда көрнекті публицист-жазушы Ұзак Бағаев лездемеде өзінін жазғыш журналисі Мырқы Исаев туралы аса сүйсіне былай депті:

— Мырқым бір төбе, қырқын бір төбе.

Редактордың бұл бағасына ешкім ауыз ашпапты. Әншайінде сөзуар көрінетін журналистердің еш уәж айтпауда да белгілі. Өйткені, заманында қызылордалық бесасап азулы журналист Мырқы Исаевтың аты-жөнін бүкіл Қазақстан жаксы білетін.

## Қаулысыз-ақ лауреат

Әмір — бәйге. Ал, көмбеге әркім әркілы жолмен, әркілы жағдайда жетеді. Көп ретте сол көмбे төбесін көре алмай, орта жолда шан қауып жататындар да жыртылып айырылады. Қарауыл төбеге алқынбай суырылып дара келетіндерде, әкпесі өшіп сырыйлап зорға ілнегіндер де бар. Яғни, әйгілі Расул Фаматоваш бейнелеп айтсак: “Шың басына самғап қыран да жетеді, жыбырлап жылжып жылан да жетеді”. Бұл құнде не көп? Сыйлық көп! Мемлекеттік, республикалық, халықаралық, әмірден өткендердің, жеке қалталылардың, дөкей алпауыттардың... сыйлыктары.

Қыскасы, Магауинше жеткізек, “жалпақшешейлік сыйлыктар” каптап кетті. Тек, оның иелерін дер кезінде, дөп басып анықтаған абзal.

Осындай мөртебелі сыйлыққа атакты ақын Иран-Файып (Иранбек Оразбаев) үшінші мөрте үсынылғанда қолына қалам үстағандарды былай койғанда, жыр сүйер, әдебиеттен сөүлесі бар үлкен-кіші ерекше еледескен. Сырт көз — сиңшы. Несіне бүгежектейміз. Сүйікті ақындары — Иран-Файыптың етжақын бауырларынан кем көрмейтін көпшілік оның бәйге төрінен көрінетініне шұбасіз еді. Алайда... Тағы да құлады. Ақиқатында — құлатты. Оқырмандары, тілеулестері, серіктестері сенбеді... Өлең танитын, сөз танитын қазак мұжілмеді. Себебі...

“Егеменнің” телетайпина түскен комиссия шешіміне үнілген қаламгерлер Мынбай Ілес, Мамадия Жақып, Әділ Дүйсенбек, Әбді-Әзиз Алдаберген үәделесіп алғандай бірауыздан:

— Иранбек бәрібір — лауреат! Бұғінгі заманынды Батыраштары канша сүріндіргенімен Иран-Файыптың өлеңін өшіре алмайды. Катырма қағазсыз да, қаулысыз да, Ол — лауреат!

Әншайінде әдебиет төнірегінде әңгіме өрбігенде үшке, екіге жарылып, дай-дай болып, қызылкенірдектесетін қаламдастар ойы бұл жолы бір арнаға құйылып жатты. Сирек құбылыс.

— Иранбек бәрібір — лауреат! Бұғінгі заманынды Батыраштары канша сүріндіргенімен Иран-Файыптың өлеңін өшіре алмайды. Катырма қағазсыз да, қаулысыз да, Ол — лауреат!

Әншайінде әдебиет төнірегінде әңгіме өрбігенде үшке, екіге жарылып, дай-дай болып, қызылкенірдектесетін қаламдастар ойы бұл жолы бір арнаға құйылып жатты. Сирек құбылыс.